

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Мақсат – ғылым тілін орнықтыру

Ұлытауда өткен I Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің ғылым тілі ретінде әлем тілдерінің ішінде орын алу қажеттігін ескертіп, осы қажеттіліктің жүзеге асуы үшін жоғары оқу орындары мен ғалымдардан бастап, бүкіл мекемеге тапсырма берді. Президент жанындағы ғылым мен технологияларды дамыту жөніндегі Ұлттық кеңесте еліміздің ғылыми, ғылыми-технологиялық тәуелсіздігі туралы ой қозғалып, «Қазақ тілі – ғылым тілі болуы керек», деген саяси міндет қойылды.

Цифрлық форматтағы жүйенің маңызы

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тіл жанашырлары мен ғалымдардың басын қосып, ғылымның ұлттық мазмұнын дамытуды көздейтін республикалық симпозиум өткізді. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-да өткен «Қазақ тілі – ғылым тілі: дәстүр және инновация» симпозиумының пленарлық мәжілісіне Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Сенат депутаты, Ұлттық құрылтай мүшесі Дархан Қыдырәлі, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсен Тәжібаев, Халықаралық қазақ тілі қоғамының басшысы Рауан Кенжеханұлы және өзге де зиялы қауым өкілдері, қоғам мен мәдениет қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар мен оқытушылар, білім беру жүйесінің басшылары, докторанттар, магистранттар және студенттер қатысты. Университет ректоры Жанар Темірбекова модераторлық еткен симпозиумда министр Саясат Нұрбек басқосудың мән-маңызына тоқталды. «Қазіргі таңда кез келген тіл сақталып қалуы үшін цифрлық технологиялардың әлеуеті болуы керек. Осы тұста министрлік алдында үлкен міндет тұр. Сол себепті алғашқы симпозиумды «Дәстүр және инновация» деп атадық. Біріншіден, дәстүр жағынан қалыптасқан тарихи, орфографиялық, орфоэпиялық мәдени мұрамызды сақтап қалуымыз керек, екінші жағынан біз инновацияны дамытып, өз тілімізде алгоритмді қалыптастырмасақ, ұлттық лингвистикалық жүйеге келтірілген цифрлық форматтағы жүйелерімізді пысықтамасақ онда, шын мәнінде де тіліміздің болашағы мүшкіл. Біз қазіргі таңда күнделікті чат-боттар, SIRI арқылы адам емес, цифрлық тұлғалармен коммуникация құрып жатырмыз. Сондықтан лингвистика саласында жаңа көкжиектер, жаңа тақырыптар ашыла бастады. Осы мүмкіндіктерді қолдана білуіміз керек», деді С.Нұрбек. Ал сенатор Дархан Қыдырәлі Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың арнайы құттықтау хатын оқып берді. «Мемлекеттік тіл – біздің ұлттық бірегейлігіміздің негізгі нышаны. Оны дамыту, қолдау және оның

қолданыс аясын кеңейту – баршамыз үшін маңызды міндет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек» деген болатын. Ана тілімізді дамыту ісінде де осы ұстанымды бағдар етіп алғанымыз жөн», делінген Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хатында. Сондай-ақ сенатор Дархан Қыдырәлі өз сөзінде қазақ тілінің ғылым тілі болу тарихи үдерісінің өткені, бүгінгі мен ертеңін сабақтастыра талдап, тіл дамуындағы ғалымдардың жауапкершілігі мен міндетін атап өтті. «Мыңжылдық, түмен күндік» өнегесін мәңгі тастарға қашап жазған бабалар сөзінен бастау алатын «таза, терең, өткір, күшті, кең» тіліміздің ұлтаралық, халықаралық және ғылым тіліне айналарына күмән жоқ», деді Д.Қыдырәлі. Халықаралық қазақ тілі қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы симпозиумда түйткілді мәселелер ашық айтылып, шешім табуына сенім білдірді.

Симпозиумға қатысушы ғалымдардың жұмысына сәттілік тілеген Мәдениет қайраткері Қанат Айтбаев бай тілімізді қолға алып, жаңартып, оны әлемдік деңгейде дәріптейтін уақыт жеткенін айтты. «Ана тіліміздің ғылым тілі бола алатындығына көзіміз әбден жеткендігін, сол салада іс жасалып жатқандығына қатты қуанып тұрмын. Осы мақсатта бірқатар ауқымды шара қолға алынып, жақсы мүмкіндіктер жасалуда – бүгінгі іс-шара соның дәлелі», деді Қ.Айтбаев.

Пленарлық отырыста тіл мәселесін қоғам алдында көтеріп жүрген ғалымдар Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Асқар Жұмаділдаев, Ғылым және жоғары білім министрлігі тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов, академик Шерубай Құрманбайұлы, Almaty Management University президенті Асылбек Қожахметов баяндама жасап, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселелері бойынша ойларын ортаға салды. Симпозиумның екінші күні елімізге танымал ғалымдардың қатысуымен «Қазақ тілінің салалық лингвистикасын дамытудың іргелі әдіснамалық негіздері», «Қазақ тілінде ғылым журналистикасын іске асырудың мүмкіндіктері мен бөгеттері», «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ұлттық мазмұнын жаңартудың заманауи парадигмалары», «Жаратылыстану ғылымдарының ұлттық мазмұнын нығайту аспектілері», «Техникалық ғылымдардың ұлттық мазмұнын нығайтуда кадрлардың біліктілік сапасын арттыру», «Қазақ тілін оқыту: нәтижелі-өнімді инновациялық технологиялар» сынды 6 секция жұмыс істеді. Әрбір секцияда қазақ тілі мен ғылымның бүгінгі мен болашағы сарапталып, ғалымдар тәжірибе мен пікір алмасқан ашық диалог алаңына айналды. Сондай-ақ филолог Назгүл Қожабектің ана тілімізде дұрыс сөйлеу, жазу және аудару мәселелерін қолға алған «Калькаға үйреніп кетуге бола ма» деп аталатын шеберлік сағаты, әсіресе, студенттер үшін пайдалы болды. Талқылаулар мен пікір алмасу нәтижесінде қабылданған симпозиум қарарында қатысушылар бірқатар мәселені атап, оның алдағы уақытта жүзеге асқанын жөн санайды. Мысалы, симпозиум қарарында

Ғылымның ұлттық мазмұнын алдағы уақытта мемлекеттік деңгейде айқындай отырып, оның қазақ тіліндегі базалық негізін нығайтуға күш салу, ол үшін қазақ тілінде шығып жатқан еңбектердің жалпы тізімін жариялау және олардың ішінен таңдаулы үлгілерін арнайы комиссияның шешімімен тізбелі басылымдарда жариялау, заман талабына орай министрлік жанынан интернет ресурстарын және инновациялық-педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне түрлі салада енгізу мақсатында оқулықтар мен оқу құралдарын жазу үшін заманауи техникамен жабдықталған орталық ашу ұсынылған. Қазақ тілінің ғылыми мәртебесін нығайту үшін оның саяси-құқықтық негіздерін, министрліктер тарапынан қабылданатын ережелердің, бағдарламалардың қазақ тіліне басымдық беруін қамтамасыз ету, гранттардың, жобалардың, конкурстық жұмыстардың орындалуында қазақ тілінің рөлін арттыру қажеттігі де айтылған.

Біліктілікті арттыру орталығына айналады

Келелі басқосудың негізгі бөлігі алдында сала министрі еліміз бойынша жоғары оқу орындарының үздіктерін марапаттады. Ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды, ғылыми қызметкерлерді қолдауға бағытталған «Үздік ғылыми қызметкер – 2023» байқауына әртүрлі ғылым бағыттары бойынша жалпы саны 307 өтінім түскен. Нәтижесінде, бірнеше бағыттар бойынша 50 ғалым үздік деп танылып, 2000 АЕК көлемінде сыйақыға ие болды. Ал «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы – 2023» республикалық байқауына 80 жоғары оқу орнынан барлығы 768 үміткер қатысып, комиссия шешімі нәтижесінде 43 отандық жоғары оқу орындарының 150 оқытушысы жеңімпаз атанды. Олардың әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алды. Ақшалай ынталандырудан басқа, арнайы төсбелгіге ие болды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек барлық жеңімпаздарды марапаттай отырып, оқытушылар мен ғалымдардың білім және отандық ғылым саласын дамытуға қосқан зор үлесін атап өтті. «Біздің мақсатымыз – халықтың ғылымға, ғалымдарға және жалпы жоғары білім жүйесіне деген сенімін қалпына келтіру. Осы жолда кішкентай болса да, бірақ сенімді қадамдармен жүріп келеміз. Мәселен, 1-2 айдың ішінде «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы күшіне енеді. Сондай-ақ сәуір айында Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы, үлкен ғылыми көрме өтеді», деді министр. Сондай-ақ симпозиум аясында Түркістан облысында алғашқы «Turkistan EdTech Lab» Coursera орталығы ашылды. Университет базасында құрылған орталық мақсаты – облыс бойынша Coursera курстарын насихаттап, тарату арқылы әртүрлі сала мамандары үшін біліктілікті арттыру орталығына айналу. Ашылу рәсімінде сөз алған министр Саясат Нұрбек халық саны көп облыс саналатын Түркістан өңірінде мұндай орталық әлі көптеп ашылуы керек деп санайтынын жеткізді. «Бүгінгі таңда «Coursera» курстары аймақтық 25

университеттің 20 000 студентіне қолжетімді. Қазірдің өзінде қазақ және орыс тілдерінде 50-ден астам курс бар. Бағдарлама қазақ тіліне локализацияланған түрде 600 курсқа дейін ұлғаюда. Алдағы 3 жылда 100 000 отандық студент пен өзге де пайдаланушылар «Coursera» платформасына қол жеткізе алады. Аталған орталық Қожа Ахмет Ясауи университетімен, Қазақстандағы «Coursera» білім беру платформасының эксклюзивті серіктесі «BMG UpSkill»-мен өзара ынтымақтастық туралы келісім негізінде шымалдығын түргенін атап өту керек. Қазіргі уақытта орталықта 360 оқытушы оқыса, курстардың жалпы саны – 650-ді құрайды. Жаһандық бәсекеге қабілеттілігімізді мұнан әрі арттыра түсу үшін біз бұл жобаның жандануына мұрындық болуымыз керек. Өйткені бабаларымыз айтқандай, ғылым мен білімді тұғыр еткен ұлт қана ұшпаққа шығады һәм биікке қанат сермейді», деді министр. Сондай-ақ «Turkistan EdTech Lab» орталығын таныстырған Рауан Кенжеханұлы орталықтың міндеті жаңа цифрлық технологияларды қолдану арқылы сапалы білім беруді арттыру екенін айтты. Әрі университеттің оқытушы-профессорлар құрамы және студенттері үшін білім мен дағдылардың қолжетімді болуын қамтамасыз ететінін тілге тиек етті. Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты «Ғылым қоры» акционерлік қоғамының қолдауымен жеміс-жидектерді өңдеу өндірістік цехының іске қосылуы – симпозиумы аясында атқарылған игі істің тағы бірі. Университеттің ботаникалық бағында орналасқан цех мақсаты – инновациялық технологиялар негізінде биоресурстарды коммерциялық игеру арқылы ботаникалық бақтың құнды гендік қорын сақтау, қалдықсыз өнім өндіру. Өндірістік цех заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, онда жемістерді жуу, кесу, кептіру, сұрыптау, орау, сақтау сынды қызмет түрлері орындалады. Өндірістік цехтың 1 тәулікте 5-7 тонна өнім қабылдап, қайта өңдеуге мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта цехта қайта өңделген, табиғи кептірілген өнімдерді, оның ішінде кептірілген алма, алмұрт, өрік және тағы басқа өнімдерді еліміздің басқа да қалаларына жеткізу жоспарланып отыр.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ